

Қостанай облысы әкімдігі білім
басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 28 мектеп-гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

110000, Қостанай қ-сы, Бородина к-сі, 138/1
тел/факс: 37-43-40
e-mail: Shg28@kst-goo.kz



Коммунальное государственное
учреждение «Школа-гимназия
№28 отдела образования
города Костаная» Управления
образования акимата Костанайской
области

110000, г.Костанай ул Бородина
138/1
тел/факс: 37-43-40
e-mail: Shg28@kst-goo.kz

№274

«31» тамыз 2023 ж.

**2023-2024 оқу жылының 1-4 тоқсандарында
білім алушылардың үлгеріміне ағымдық
бақылау жүргізу туралы**

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылдың 18 наурызындағы № 125 бұйрығына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуіріндегі №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістері негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылында 2-11 сыныптарының бөлімдік жиынтық бағалаулары мен тоқсандық жиынтық бағалаулары кестелерге сәйкес өткізілсін.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 оқу жылы, кестеге сәйкес

2. Бағалу түрлері оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына сәйкес жүргізілсін.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 оқу жылы бойы

3. Пән мұғалімдері тоқсандық жиынтық бағалауды спецификаға сәйкес құрастырсын.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 оқу жылы, әр тоқсан сайын

4. Әдістемелік бірлестік жетекшілері даулы мәселелер туындаған жағдайда білім алушылардың тоқсандағы оқу жетістіктерінің нәтижелері бойынша жазбаша түрде өткізілетін жиынтық бағалауда объективтілікті және ашықтықты қамтамасыз ету үшін педагогтер қажет болған жағдайда, тоқсандық жиынтық бағасы қойылғанға дейін бір күннен кешіктірмей модерация жүргізсін.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 оқу жылы, әр тоқсан сайын

5. 2-11 сынып білім алушыларына формативті бағалау, бөлім, ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылсын.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 оқу жылы, әр тоқсан сайын

6. Мектеп педагогтары аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде бөлімдік жиынтық бағалау қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейтінін, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылатынын ескерсін.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 оқу жылы, әр тоқсан сайын

7. Мектеп педагогтері оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық тоқсандық жиынтық бағалау өткізуге болмайтынын, тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейтінін, бір оқу пәні бойынша бөлімдік жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау бір күнде өткізілмейтінін ескерсін.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 жылы, әр тоқсан сайын

8. Үйде оқитын білім алушыларды бағалау кезінде педагог үйде оқитын білім алушылардың оқу жүктемесін және олардың оқып-зерделеген оқу материалын ескере отырып, сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлесін.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 жылы, әр тоқсан сайын

9. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау өлшемшарттарына өзгерістер енгізіп дайындасын.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 жылы, әр тоқсан сайын

10. Білім алушылар жиынтық бағалау өткізу күні объективті себептерге байланысты (денсаулық жағдайына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуы, қолайсыз метеожағдайларға байланысты, барлық деңгейдегі жарыстарға, конференцияларға, олимпиадаларға және ғылыми жобалар конкурстарына қатысу) болмаған жағдайда жиынтық бағалауды жеке кесте бойынша тапсырсын.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 жылы, мүмкін болған жағдайда

11. Ағымдағы тоқсан/жартыжылдық аяқталғанға дейін жиынтық жұмыстарды тапсырмаған жағдайда білім алушыға жиынтық жұмыстарды тапсырғанға дейін "уақытша аттестатталмады" деген белгі «Күнделік» электронды журналына қойылатынын, тапсыру қорытындысы бойынша төртінші/жартыжылдық баға қойылатынын ескерісін.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 жылы, мүмкін болған жағдайда

12. БЖБ және ТЖБ қорытындысы болмаған жағдайда білім алушы уақытша аттестаттаудан өтпеген болып есептелетіні ескерісін.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 жылы, мүмкін болған жағдайда

13. Ағымдағы жылдың білім алушылардан алынған жазбаша жиынтық жұмыстары мектепте сол оқу жылы аяқталғанға дейін сақталатыны ескерісін.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 жылы бойы

14. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша ақпарат білім алушыларға, ата-аналарға немесе баланың өзге де заңды өкілдеріне қағаз түрінде немесе электронды нұсқада берісін.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 жылы, тоқсан сайын

15. Мектеп педагогтері тоқсандық жиынтық бағалауды қайта орындатуға, көшіруге жол бермесін.

Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары,
2023-2024 жылы, тоқсан сайын

16. Мектеп педагогтері мен әдістемелік бірлестік жетекшілері осы бұйрықпен таныстырылсын.

17. осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Орынбаева Ж.Т., Сейткалиева А.Г. жүктелсін.

Мектеп-гимназия директоры



A handwritten signature in blue ink, appearing to be "Исмаилова Ж.Б.", written over the stamp.

Исмаилова Ж.Б.